



Сыр бойы

№192 (21068) 18 желтоқсан, бейсенбі 2025 жыл

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

www.facebook.com/syrboyi.kz

www.instagram.com/syrboyi_kz

t.me/syrboyi_kz

twitter.com/syrboyi

/// ПРЕЗИДЕНТ

ТҰРАҚТЫ ҚУАТ КӨЗІ – ӘЛЕУЕТТІ МЕМЛЕКЕТ НЕГІЗІ



Кеше Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ақордада өткен салтанатты жиында энергетика саласы мамандарын кәсіби мерекесімен құттықтады. Биыл Жұмысшы мамандықтар жылы аясында еңбек адамдарына ерекше құрмет көрсетіліп жатқанын атап өтті.

– Энергетика саласы – еліміз үшін стратегиялық маңызы бар сала. Тұрақты қуат көзі болмаса, қуатты мемлекет құру мүмкін емес. Энергетика саласында қызмет ету – еліміздің дамуына үлес қосу деген сөз. Себебі сіздер атқарып жатқан жұмыстың игілігін еліміздегі әр отбасы, әр адам көреді. Әрбір үйге жарық пен жылу беру – жауапкершілігі зор жұмыс. Қажырлы еңбектеріңіз үшін баршаңызға шынайы ризашылығымды білдіремін, – деді Президент.

Мемлекет басшысы еліміздің өсіп-өркендеп келе жатқанына назар аударып, экономиканы және инфрақұрылымды дамытуға баса мән беріліп отырғанын алға тартты. Атап өтілгендей, елімізде заманауи өндіріс орындары ашылып жатыр. Еліміз жаппай цифрландыру және жасанды интеллект дәуіріне қадам басты. Қазақстан болашақта толыққанды цифрлық ел болуға тиіс.

– Осы мақсатқа жету үшін ауқымды жұмыс қолға алынды. Астанада Халықаралық жасанды интеллект орталығы құрылды. Жақында белгілі америкалық компанияның технологиясы бойынша жасалған суперкомпьютер іске қосылды. Жаһандық үрдістерге сай жаңа «дата-орталықтар» салынады, «бұлтты» инфрақұрылым қалыптасады. Өрине, мұның барлығы энергетика саласы үшін үлкен сынақ боламыз. Сондықтан осындай маңызды міндеттерді жүзеге асыру үшін энергетика саласын түбегейлі жаңғыртуымыз керек, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

2-бет

/// ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫ

ЖЫЛ МЕЖЕСІНІҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

Кеше Премьер-министр Олжас Бектеновтің төрағалығымен 2025 жылғы қаңтар-қараша айларындағы әлеуметтік-экономикалық даму және республикалық бюджеттің атқарылу қорытындылары талқыланған Үкімет отырысы өтті. Басқосуға облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев селекторлық режим арқылы қатысты.

Үкімет отырысынан кейін аймақ басшысы көтерілген мәселелердің маңыздылығын атап өтіп, жауапты тұлғаларға тиісті тапсырма жүктелді.

– Біз барлық көрсеткіш бойынша болжамды жоспардың толық орындалуын қамтамасыз етуіміз қажет. Өткен 11 айдың қорытындысымен облысымызда негізгі макроэкономикалық көрсеткіштердің оң динамикасы қалыптасты.

Қызылорда қаласы мен аудандарда экономикалық өсім бар. Инвестиция, оның ішінде жеке инвестиция тарту жұмысы нәтижелі жүргізілді. Өнеркәсіп өндірісін дамытудың қосымша көздерін қарастырып, жыл қорытындысымен өсімді қамтамасыз етіңіздер.

Меншік түріне қарамастан (ірі, орта, шағын) бірде-бір кәсіпорын есептіліктен тыс қалмауы тиіс.

Экономикалық көрсеткіштердің қарқынды өсімі жолында нақты шаралар қабылданды. Кәсіпорындар ұсынатын есептіліктің уақытылы тапсырылуын, құжаттардың толымдылығын, статистикалық деректердің нақты есепке алынуын назарда ұстау керек, – деді облыс әкімі.

Сондай-ақ жауапты басшыларға жергілікті бюджеттің өз кірістері жоспарын толық орындау тапсырылды.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

/// СҰХБАТ

«ӨЗГЕРІС АШЫҚТЫҚ ПЕН ТІІМДІЛІКТІ АРТТЫРАДЫ»

Мемлекет басшысының Жарлығымен Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің қызметі Ұлттық қауіпсіздік комитетінің құзыретіне берілген еді. Қайта ұйымдастырылған бұл саланың сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыру, құқықбұзушылықтарды азайту және сыбайлас жемқорлық мәдениетін қалыптастыру функцияларын Мемлекеттік қызмет істері агенттігі атқарады. Біз осы орайда агенттіктің облыстағы департамент басшысы Ерлеген Мендалиевпен әңгімелескен едік.

2-бет

/// ДЕНСАУЛЫҚ

БІР КҮНДЕ ҮШ НАУҚАСҚА БҮЙРЕК ТРАНСПЛАНТАЦИЯСЫ ЖАСАЛДЫ



Сыр медицинасы серпінді даму үстінде. Оны кейінгі жылдары бірінен соң бірі салынып, ел игілігіне беріліп жатқан заманауи денсаулық сақтау нысандары мен алынып жатқан озық технологиялы құрал-жабдықтар, жасалып жатқан күрделі оталарға қарап айта аламыз. Тәуелсіздік күні қарсаңында тағы бір жетістіктің куәсі болдық. Атап айтқанда, көпбейінді облыстық ауруханада бір күнде үш науқасқа жасалған бүйрек трансплантациясы сәтті өтті.

Алғашқы трансплантация 41 жастағы әйел адамға жасалды. Реципиенттің ағасы донор болып, бүйрегін берді.

Екінші трансплантация 20 жастағы жігітке жасалып, донор ретінде науқастың 54 жастағы анасы қатысты.

Ал үшінші пациент – 43 жастағы әйел, донор болған оның жұбайы.

Трансплантацияны көпбейінді облыстық

аурухананың бас дәрігері, трансплантолог, PhD Жасұлан Баймаханов, бас дәрігердің хирургия жөніндегі орынбасары, PhD Ербол Серікұлы және А.Н.Сызғанов атындағы Ұлттық ғылыми хирургия орталығының трансплантологтары Ернұр Белгібаев, Елшат Нәбиевтің командасымен бірлесіп жасады. Қазір науқастардың жағдайы орташа ауыр, тиісті ем қабылдауда.

2-бет

/// ИНВЕСТИЦИЯ ИГІЛІГІ

ROCA GROUP ТАҒЫ БІР ӨНДІРІСТІК АЛАҢЫН ҚЫЗЫЛОРДАДА АШАДЫ



Өткен аптада инвестиция тартуда толымды табыстарға жеткен біздің өңірдегі өндірістің өркендеуіне қызмет ететін тағы бір келісім жасалды. Кейінгі үш жылда аймақ экономикасына 1 триллион 600 млрд теңге инвестиция тартылғаны белгілі. Биылғы меже 720 млрд теңгеден асады.

Ел Үкіметі атынан Өнеркәсіп және құрылыс министрі Ерсайын Нағаспаев пен облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, екінші тараптан испаниялық Roca Group компаниясының еншілес кәсіпорны «Рока Казакстан» ЖШС бас директоры Даниэль Эрнандес «Қызылорда облысында заманауи санитарлық бұйымдарды өндіру және құрастыру зауытының құрылысы» жөніндегі жоғары технологиялық жобаны жүзеге асыруға бағытталған инвестициялық келісімдерге қол қойды.

Жоба Мемлекет басшысының өңдеуші өнеркәсіпке инвестициялар тарту және импортты алмастыру жөніндегі мақсаттарға қол жеткізу міндеттеріне сәйкес жүзеге асырылуда.

Бұл – испан компаниясының Қызылорда облысында заманауи санитарлық-техникалық өнім өндіру және құрастыру зауытын салуға 44 млрд теңге инвестиция салатынын растайтын маңызды құжат.

Өңірге келетін инвестор Roca Group туралы айтсақ, компанияның 100 жылдан астам тарихы бар, санитарлық жабдықтарды өндіру саласындағы әлемдік көшбасшылардың бірі. Бүкіл әлемдегі 78 өндірістік алаңын басқарады, онда 20 мыңнан астам қызметкер жұмыс істейді. Өнімдері 170-тен астам елге тарайды және жоғары сапалы, инновациялық шешімдер мен еуропалық стандарттарға сәйкес болғаны үшін кеңінен танымал.

Кол қою рәсімінде аймақ басшысы бұл келісім Қазақстан мен Испания арасындағы серіктестік қарым-қатынастардың дамуы үшін маңызды кезең екенін атап өтті.

Инвестициялық келісім аясында Қызылорда облысында заманауи өнеркәсіптік кәсіпорын салу жоспарланған. Жаңа зауыт керамикалық санитарлық бұйымдарды, ванна белмесіне арналған жиһаздарды, кіртірілген субұрқактарын және басқа да өнімдерді өндіру мен жинауға мамданады. Кәсіпорынға Roca Group компаниясының озық

өндірістік технологиялары мен стандарттары енгізіліп, өндіріс автоматтандырылады, энергия тиімділігі және экологиялық қауіпсіздігі ескеріледі.

Жобаның өндірістік қуаты жылына 500 мың дана бұйым, өндірілетін өнімдер Қазақстанның ішкі нарығына ғана емес, Орталық Азия елдеріне де экспортталады, 300-ден астам тұрақты жұмыс орны құрылады. Сонымен қатар, қазақстандық мамандарды халықаралық тәжірибені қолданып оқыту және біліктілігін арттыру қарастырылған.

Инвестициялық келісімде мемлекеттік қолдаудың кешенді шаралары да қамтылған. Оған салықтық преференциялар беру, технологиялық жабдықтарды, бөлшектерді, қосалқы бөлшектерді, сондай-ақ шикізат пен материалдарды импорттаған кезде кедендік баждардан босату кіреді. Қызылорда облысының әкімдігі жер учаскесін беріп, қажетті инженерлік инфрақұрылымды жеткізеді.

Инвестициялық келісімнің мерзімі – қол қойылған күннен бастап 25 жыл. Roca Group компаниясының өкілі Қазақстанды стратегиялық маңызды нарық ретінде қарастыратынын, себебі оның географиялық жағынан тиімді орналасқанын, қолайлы инвестициялық климат қалыптасқанын, мемлекеттік қолдау шаралары бар екенін атап өтті.

Бұл жоба өңдеуші өнеркәсіпті дамыту, импортқа тәуелділікті азайту және жоғары қосылған құны бар өнімдерді экспорттау бойынша мемлекеттік саясаттың басым бағыттарына сәйкес келеді. Құрылыс жұмыстары 2026 жылдың бірінші тоқсанында басталады деп жоспарлануда.

Кәсіпорын әлемдік стандарттарға сәйкес келетін санитарлық-техникалық өнімдер шығаратын Қазақстандағы алғашқы өндіріс болмақ. Зауыт қосылған құны жоғары өнім өндірісін ұлғайтуға және Қазақстанның экспорттық әлеуетін кеңейтуге мүмкіндік береді.

Айта кету керек, инвестициялар туралы келісім жасау жоспары Премьер-министр Олжас Бектенов пен Roca Group директорлар кеңесінің төрағасы Сантьяго де Гомар Роктың осы жылдың маусым айындағы кездесуі барысында талқыланған болатын. Құжатқа қол қойылуы және жұмыстың басталуы ел экономикасының инвестициялық тартымдылығын арттыру жөніндегі жүйелі шаралардың нәтижесін және инвестор сенімін көрсетеді.

Г.ТЕЛЬМАНҚЫЗЫ

БАСПАСӨЗ – 2026

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

2026 ЖЫЛДЫҢ БІРІНШІ ЖАРТЫЖЫЛДЫҒЫНА ГАЗЕТКЕ ЖАЗЫЛУ ЖҮРГІЗІЛУДЕ

«Сыр бойы» газетіне жазылу бағасы жекелер үшін: 6 айға – 5000 теңге

ТҰРАҚТЫ ҚҰАТ КӨЗІ – ӘЛЕУЕТТІ МЕМЛЕКЕТ НЕГІЗІ



Президент қазір осы бағытта атқарылып жатқан нақты жұмыстарға тоқталды.

– Соңғы алты жылда электр энергиясын өндіру 16 миллиард киловатт-сағатқа артты. Бұл Қарағанды облысы сияқты өндірісі өркендеген аймақтың бір жылдағы қуат тұтыну көлемімен бірдей. Қазіргі кезде Қазақстанның электр энергетикасы жүйесіне жалпы қуаты 25 гигаваттан асатын 237 электр станциясы кіреді. Ал іс жүзінде қолданыстағы жалпы қуат көлемі – 21 гигаватт. Мемлекет жүргізіп отырған жүйелі шаралардың арқасында энергия нысандары мен инженерлік-коммуналдық желілердің орнықтылығы айтарлықтай күшейді. Өткен жылғы жылыту маусымында технологиялық ақаулар 27 пайызға қысқарды. Тоғыз жылу электр орталығы тәуекелдің «қызыл» аймағынан шықты, ал үш станция «жасыл» аймаққа өтті, – деді Мемлекет басшысы.

Осы орайда Президент инфрақұрылымды қалыптастыруға уақыттың өтуіне «Тарифті инвестицияға айырбастау» бағдарламасы іске қосылғанын еске салып, нәтижесінде үш жыл ішінде тек көпірлердің күрделі жөндеу жұмыстарына 900 миллиард теңгеден астам жеке инвестиция тартылғанын атап өтті. Мемлекет басшысы нақтылай түскендей, енді жерде бұл жұмыстың қарқынын бәсеңдетпеу керек.

1-бет

– Алдымызда сенімді әрі заманауи энергетика инфрақұрылымын қалыптастырып, экономиканың дамуына тиісті жағдай жасау міндеті тұр. Осы орайда Үкімет «Энергетикалық және коммуналдық секторларды жаңғырту» жөніндегі ұлттық жобаны іске асыра бастады. Оның аясында 2030 жылға дейін кемінде 200 нысанға реконструкция жасалады, 86 мың шақырым желі жаңаралды. Үкіметке еліміздің энергетикалық әлеуетін ұдайы арттыру міндеті жүктелді. Бұл – Қазақстанның экономикалық дамуын одан әрі табысты жүзеге асыру үшін аса маңызды. Еліміз экспорттық әлеуеті зор энергетикалық державаға айналуы керек, – деп нақтылады Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент атап өткендей, Қазақстанның энергетикалық әлеуетін нығайту – басымдыққа ие міндет.

– Биыл батыс аймақтардың электр желісін күшейтетін бірегей жоба аяқталады. Бұл жоба Батыс Қазақстан, Атырау, Маңғыстау облыстарының энергетикалық тораптарын біріктіреді. Енді осы тораптарды бірыңғай ұлттық энергетика жүйесіне жалғау қажет. Елімізде басқа да ірі жобалар қолға алынып жатыр. Атап айтқанда, Екібастұздағы екінші ГРЭС-те жаңа энергоблоктар салынады. Сондай-ақ үшінші ГРЭС-тің құрылысы басталмақ. Бұл нысандар еліміздегі энергетика жетіспеушілігін жоюға тиіс. 2026 жылы Алматыдағы электр станцияларын жаңғырту

– Үкімет пен әкімдік алдында тұрған маңызды мақсат. Сол арқылы ауаның ластану деңгейін төмендетіп, қаланың экологиялық ахуалын жақсарту қажет. Бұған қоса, келесі жылы Қызылорда және Түркістан облыстарында бу-газ қондырғысы бар электр станцияларын толық іске қосу керек. Біз 2035 жылға дейін 26 гигаваттан астам қуат көзін өндіретін нысандарды іске қосуды жоспарлап отырмыз, – деді Мемлекет басшысы.

Қазақстанның табиғи ресурстары мен өндірістік әлеуеті электр қуатын өзге елдерден сатып алмауға негіз болуы тиіс. Осындай пікір келтірген Мемлекет басшысы еліміз энергетикалық мүмкіндікті барынша тиімді пайдалана білу қажеттігін алға тартты.

– Түптеп келгенде, бұл – ұлттық қауіпсіздік мәселесі. Бұдан бөлек, еліміздің зор энергетикалық мүмкіндігін тиімді қолдану қажет. Мысалы, Қазақстан – көмірге бай ел. Жыл сайын 110 миллион тоннадан астам көмір өндіріледі. Осы стратегиялық артықшылықты дұрыс пайдаланған жөн. Біз заманауи үлгідегі «таза көмір» технологиясына тезірек көшуіміз керек. Сол арқылы көмір станцияларының тиімділігін арттыра түсеміз. Бұдан бөлек, Құрчатов қаласында жылу-электр станциясын, Көкшетау, Семей, Өскемен қалаларында жылу-электр орталықтарын салу қажет. Осы нысандардың барлығына «таза көмір» технологиясын енгізу керек. Шындығын айтсақ, бұл жобалардың жүзеге

асуы әбден созылып кетті. Енді әрі қарай күтуге болмайды, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет жаңартылатын энергия көздерін дамытуға да тиісті жағдайда көңіл бөліп отыр. Бұл ретте Мемлекет басшысы: – Еліміздегі көмір қоры – шамамен 33 миллиард тонна. Соған қарамастан, біз жаңартылатын қуат көздерін дамытуға баса назар аударып отырмыз. Соңғы 5 жылда осы салаға 2,5 миллиард долларға жуық инвестиция салынды. Соның нәтижесінде энергетика секторындағы жаңартылатын қуат көздерінің үлесі 7 пайыздан асты. Экологиялық тұрғыдан таза энергия өндірісін одан әрі дамыту үшін әлемдік ең үздік компаниялармен әріптестік орнаттық, – деді.

Сондай-ақ, Президент бүгінгі әлем түбегейлі бетбұрыс кезеңін бастан өткеріп жатқанын айтып, атом станциясының құрылысын бастау туралы стратегиялық шешімнің маңызына тоқталды. Бұл болашақта еліміздің энергетикалық келбетін түбегейлі өзгертіп, экономикамызды қайта құруға ықпал етеді.

– Балқаш атом электр станциясының құрылысы, одан кейінгі салынатын екінші АЭС Қазақстанның энергетикалық әлеуетін арттыратыны сөзсіз. Сондай-ақ ядролық энергетика сияқты маңызды салада жаңа бағыттардың дамуына септігін тигізетін болады. Қазақстанның энергетикалық картасында атом станциясының пайда болуы ел экономикасының жаңа әрі сапалы деңгейге көшкенін білдіреді. Жалпы, дүние жүзінде болып жатқан ауқымды өзгерістердің энергетика саласына ықпал ететіні сөзсіз. Әлемде қуат көздеріне қызу тартыс жүріп жатыр десек, артық болмайды. Бұған сақайдай сай дайын болғанымыз жөн. Мемлекет энергетика мамандарының жаңа буынын даярлап, осы саланың әлеуетін арттыра береді. Бірақ азаматтарымыз да бұл мәселеге жауапкершілікпен қарауы керек. Электр қуаты, жылу және су – тұрмысқа аса қажетті игіліктер. Соның бәрін үнемдеп, ақылмен пайдаланған абзал. Жалпы, бұл – тұтас экономикаға ортақ талап. Ысырапшылыққа жол беруге болмайды. Халқымыз «Үнем-шілдік – ырыстың кілті» деп бекер айтапаған. Біз осы қасиетті ұлттық дағдымыз етіп, қоғамда мүлдем жаңа мәдениет қалыптастыруымыз керек. Сіздердің қажырлы қызметтеріңіз – еліміздің энергетикалық дербестігінің мығымдас кепілі. Әділетті, Таза, Қуатты Қазақстанда өздеріңіз сияқты еңбек адамдары ең жоғары сый-құрметке лайық, – деді Мемлекет басшысы.

Салтанатты сәтте Президент Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздің энергетика саласын дамытуға елеулі үлес қосқаны үшін бір топ азаматты мемлекеттік наградамен марапаттады.

Қ.ӘБШ

«ӨЗГЕРІС АШЫҚТЫҚ ПЕН ТИІМДІЛІКТІ АРТТЫРАДЫ»



– **Ерлеген Жәрдемұлы, бұрынғы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің кейбір функциялары мемлекеттік қызмет істеріне берілді. Осы өзгеріске сәйкес ойыңызбен бөлісеңіз...**

Өзіңізге белгілі, Қазақстан Республикасы Президентінің 2025 жылғы 30 маусымдағы №927 Жарлығына сәйкес Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты қалыптастыру мен іске асыру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы үйлестіру, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды барынша азайту, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру жөніндегі функциялары мен өкілеттіктері мемлекеттік қызмет істері агенттігіне жүктелді. Бұл өте өзекті әрі орынды шешім деп санаймын. Агенттік жылдар бойы этика, тәртіп, мемлекеттік қызметшілердің әдебі мен жауапкершілігі, қызметтік тәртіпті бақылау, мемлекеттік аппараттағы ашықтық пен меритократияны дамыту бағытында жүйелі жұмыс жүргізіп келеді, яғни жемқорлықтың алдын алуға негіз болатын факторларды жақсы біледі, нақты тәжірибесі бар. Сонымен қатар, бұл кадам құзыреттерді тиімді бөлу, қайталанатын функцияларды жоюды және ресурстарды оңтайландыруды көздейді. Бір орган шеңберінде алдын алу жұмыстары жүйеленіп, біртұтас саясат қалыптасты. Бұл мемлекеттік қызмет сапасын арттырып қана қоймай, қоғамның сенімін нығайтуға да оң әсер етеді деп санаймын.

– **Бұл мемлекеттік басқарудың тиімділігіне қалай әсер етеді?**

– Бұл жалпы мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі нығайтуға бағытталған. Профилактика бағытының агенттікке және аумақтық департаменттерге берілуі – сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жергілікті деңгейде дер кезінде анықтап, шешуге мүмкіндік береді. Біз облыстағы барлық мемлекеттік органдармен тікелей жұмыс жасаймыз, сондықтан алдын алу тетіктері нақты әрі жедел іске асатын болады, яғни бұған дейінгі жұмыстар одан әрі өз жалғасын табады деген сенімдемін.

– **Қоғам үшін ең маңызды қандай өзгерістер болады?**

– Осы өзгерістердің қоғам үшін ең үлкен тиімділігі – ашықтық пен жауапкершіліктің артуы. Азаматтардың мемлекеттік аппаратқа деген сенімін нығайту – біздің басты мақсатымыздың бірі. Бұрын сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мен мемлекеттік қызмет сапасын бақылау әртүрлі құрылымдардың құзырында болса, енді бұл функциялар бір орталыққа біріктіріліп, үйлесімді, жүйелі түрде іске асырылады. Бұл не береді? Ең алдымен, қоғамда әділеттілік деген сенім нығаиды. Мемлекеттік қызметке келетін азаматтар арасында іріктеу талаптарын күшейіп, кәсіби әрі адал кадрлар қатары артады. Сонымен қатар, декларациялау жүйесінің ашық жүргізілуі арқылы халық сенеуніктердің мүлкі мен табыстары туралы нақты әрі шынайы ақпаратқа қол жеткізе алады.

– **Агенттікке берілген сыбайлас жемқорлықтың алдын алу функциялары нақты нені қамтиды?**

– Мемлекеттік қызмет істері агенттігіне және аумақтық департаменттеріне берілген бұл функциялар тек қадағалау емес, жемқорлықтың алдын алуға бағытталған кешенді жұмыстарды жүйелендіреді.

– **Қызметкерлер құрамын күшейту немесе қайта даярлау жоспары бар ма?**

– Қазіргі таңда аумақтық департаментте сыбайлас жемқорлықтың алдын алу басқармасы құрылып, мемлекеттік қызметкерлер өз жұмысын жасауда. Алдағы уақытта мекеменің штаттық саны аталған бағытта жетекшілік ететін департамент басшысының орынбасары мен басқарма басшысы лауазымдарымен толығы.

Онымен қоса, департаменттегі барлық қызметкерлердің өз салалары бойынша белгіленген мерзімде оқытулары жалғасын табады болады.

Биыл 2 қызметкер біліктілігін арттыру курсынан өтті. Бұл олардың кәсіби дағдыларын жетілдіріп, жұмыстағы тиімділігін арттыруға ықпал етеді.

– **Жаңа өкілеттіктер агенттіктің бұрынғы қызметіне ауыртпалық түсірмей ме?**

– Бұл өте орынды сұрақ. Бірақ айта кету керек, жаңа өкілеттіктер агенттікке қосымша жүктеме ғана емес, сонымен қатар қызметімзді кешенді түрде жүзеге асыруға мүмкіндік беретін тетік. Себебі мемлекеттік қызметті бақылау, әлеп нормаларын сақтау, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу – бір-бірімен өзара тығыз байланысты бағыттар. Өзгерістер бізге жаңа жауапкершілік жүктегенімен, тиімділік пен нәтижелілікті арттыруға жоғаш деп сенімді түрде айта аламыз.

Әңгімелескен
Айсәуле ҚАРАПАЕВА,
«Сыр бойы»

БІР КҮНДЕ ҮШ НАУҚАСҚА БҮЙРЕК ТРАНСПЛАНТАЦИЯСЫ ЖАСАЛДЫ



Айта кету керек, бұған дейін ауруханада 8 рет бүйрек, 1 рет бауыр алмастыру отасы сәтті аяқталды. Оның ішінде биыл тамыз айында бір күнде екі науқасқа бүйрек ауыстыру операциясы жасалған болатын.

Жалпы аймақта кейінгі жылдары жоғары технологиялық медициналық қызмет көлемі артып келеді. Жоғары технологиялық медициналық көмек – бұл ғылыми технологияларды, диагностика мен емдеудің инновациялық және бірегей әдістерін қолдана отырып көрсетіледі. Көмектің бұл түрі стационарлық жағдайларда ұсынылады. Бүгінде облыста жоғары технологиялық медициналық көмек түрлері көпбейінді облыстық ауруханада көрсетіледі.

Биыл 10 айда тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі мен міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі аясында жалпы сомасы 706,7 миллион теңгеге 104 жоғары технологиялы медициналық қызмет көрсетілді. Ал 11 айда облыстық ауруханада 9071 ота жасалса, оның 130-ы жоғары технологиялық медициналық көмекке жатады. Мұндай оталардың жиі жасалуы мамандардың біліктілігіне де байланысты екені сөзсіз. Осы орайда өңірде денсаулық сақтау саласы мамандарының біліктілігін арттыруға да ерекше көңіл бөлінуде. Мәселен, биыл 41 медицина қызметкері Германия, Ресей, Литва, Беларусь елдерінің клиникаларында біліктілігін арттырған.

Облыстық денсаулық сақтау басқармасының мәліметінше, кейінгі 3 жылда жергілікті бюджет қаражаты есебінен мамандар біліктілігін арттыруға 375 млн теңге бөлінді. Негізгі басымдық ана мен бала денсаулығын қорғауға беріліп, 84 акушер-гинеколог, 44 неонатолог, 42 реаниматолог, 19 педиатр дәрігерлер оқытылған. Неонатологтарға арналған Ресей мемлекетінің профессорларымен көшпелі мастер-класс өткізіліп, 40 медицина қызметкері қатысқан.

Айнұр БАТТАЛОВА,
«Сыр бойы»

1-бет

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП – ҚАУІПСІЗ ҚОҒАМ ҰСТАНЫМЫ

Қызылорда қаласының тұрғындары мен жастар арасында қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру мақсатында ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүйелі түрде жүргізіліп келеді. Бұл шаралар Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес жүзеге асырылып, қоғамда заңға құрметті арттыруға, азаматтық жауапкершілікті нығайтуға бағытталған.

Үкімет әзірлеген «Заң және тәртіп» тұжырымдамасының маңызы мен негізгі басымдықтары кенінен түсіндірілуде. Аталған тұжырымдама қоғамдық тәртіпті сақтау, құқықбұзушылықтардың алдын алу, жастар арасындағы құқықтық сауаттылықты арттыру және қауіпсіз орта қалыптастыру сынды маңызды бағыттарды қамтиды.


Қаладағы «Araу city mall» сауда ойын-сауық орталығында ерікті жастардың қатысуымен ақпараттық-түсіндіру акциясы ұйымдастырылды. Акция барысында ақпараттық ұнпақтар таратылып, тұрғындарға түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Қала тұрғындары бұл бастаманы қолдап, өз ортасында құқықтық мәдениетті дамытудың маңыздылығын насихаттап келеді.

Қауіпсіз Қазақстан – әр азаматтың жауапкершілігі.

Заңға құрмет – тұрақтылықтың, тәртіп – қоғам тыныштығының кепілі.

«Заң мен тәртіп» қағидасы аясында Ашық университетінің студенттерімен профилактикалық кездесу өткізілді. Кездесуге облыстық Полиция департаменті мен облыстық жастар ресурстық орталығының қызметкері қатысты.

Кездесудің негізгі мақсаты – жасөспірімдер мен жастар арасында құқықбұзушылықтың, топтық төбелес, буллинг және суицид сияқты өзекті мәселелердің алдын алу жолдарын түсіндіру. Құқық қорғау органдарының



өкілдері аталған құқықбұзушылықтардың салдары мен заң аясындағы жауапкершілік туралы жан-жақты ақпарат берді.

Шара барысында студенттер сала мамандарына сұрақтар қойып, нақты жауаптар алды. Мұндай кездесулер жастардың құқықтық сауаттылығын арттырып, қоғамдағы тәртіп пен қауіпсіздікті нығайтуға оң ықпал етеді.

ТӘУЕЛСІЗДІК КҮНІ 32 СӘБИ ДҮНИЕЕГЕ КЕЛДІ



Фото ашық дереккөзден

Облыстық денсаулық сақтау басқармасының баспасөз қызметі хабарлағандай, Тәуелсіздік мерекесі күні 32 сәби дүниеге келген. Тәулік ішінде туған нәрестелердің 20-сы қыз, 12-сі ұл бала.

– Қазіргі таңда барлық сәбилер мен аналарының жағдайы дәрігерлердің бақылауында. Бұл күні дүниеге келген балалардың болашақта ел мақтанышына айналар тұлға болып өсулеріне тілек-теспіз, – делінген хабарламада.

«СБ» ақпарат

1-бет

/// МЕМЛЕКЕТТІК МАРАПАТ ИЕСІ



ҚИЫНДЫҚТЫ ҚИЯЛАП ӨТКЕН ҚАЙСАР

**Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың қолынан
«Парасат» орденін омырауға таққан Серік Әбішұлы Дүйсенбаев
туралы әңгіме-сыр**

Болайын демеді, боласың деді

Шиелі ауданы орталығындағы М.В.Ломоносов атындағы №47 орта мектепте білім алған Серік Әбішұлы Жамбыл жеңіл және тамақ өнеркәсібі технологиялық институтына түсіп, оны 1976 жылы инженер-механик мамандығы бойынша бітіріп шықты.

Институт қолына дипломмен бірге «Қызылорда облысының нан өнімдері бірлестігіне жіберілді» деген жолдама берді. Кенес өкіметінің тегін білім беріп қана қоймай, бітіруші маманды жұмысқа орналастыруды да өз міндетіне алатын дәстүрі бар еді.

Бұл 450 адам тұрақты жұмыс істейтін, күні-түні еңбек ырғағы толастамайтын, қаладағы ең үлкен, маңызды өндіріс бірлестігі болатын. Бірлестік болатын себебі, мекемеге Арал нан зауыты, Қызылорда мақарон фабрикасы қарайтын. Одан бөлек өз ішінде нанға қоса кондитер цехы да болатын.

Бірлестіктің бас директоры Краснова Нина Андреевна, бастықтың орынбасары Ким Раиса Константиновна деген кісі екен. Жас маманды орынбасар қабылдап, қайда тұрасың, қайда тұрмақың деген сияқты сұрақтар қойды.

– Инженер-механик есебінде қабылдай алмаймын. Слесарь боласың, – деді сосын бір сөйлемді екі бөліп.

Серікке бұл салқын сөз ұнамады, жұмысқа қабылдамаймын дегендей әсер етті, әділетсіз көрінді.

– Сонда мен бес жыл слесарь болу үшін оқыдым ба? – деді батылданып. Ким жас баладан мұндай қарсы жауап күтпесе керек. Басын көтеріп, ескі танысын шырамытып тұрғандай бетіне асықпай қарады. Телефонды көтеріп, хатшы қыз арқылы кадр бөлімінің басышынан шақыртты. Ол Надежда Фирсова деген кісі еді.

– Бұларды бастық қылып, қолына бірден папка беру керек! – деді кабинетке кірген Фирсоваға қарап. – Мына жігіт мамандығы бойынша жұмыс істегісі келеді, – деді сонан соң ашуын жиып.

– Еңбек қауіпсіздігін сақтау инженерінің орнына жұмыс істегі тұрса болады, – деді кадр бастышы.

Еңбек қауіпсіздігі инженері де Стрельникова деген орыс әйел екен. Үш ай уақытқа ақысыз демалыс алып, Ресейге кетіпті. Бір байқағаны мекемеде орыстар өте көп. Біразы сол кезде-ақ атақоныстарына көшуді ойластыра жүрген сияқты. Олай дейтіміз, тоқсаныншы жылдары өзге ұлт өкілдері Қазақстаннан жаппай көше бастады, кейіндеу Стрельникова да көшіп кетті.

Сөйтіп, жас маман әуелі қауіпсіздік инженері болып жұмыс бастады. Көп ұзамай оны механик етіп бекітті, ал, 1981 жылы бас механик болып тағайындалды.

1982 жылы бас директор Краснова зейнетке шықты. Орнына бас инженер қызметіндегі Ким отырды. Ал бас инженер болып, жоғарының айтуымен жасы елудегі егді кісі келді. Астында «Волгасы» болатын, бірақ жұмысқа жиі келмей қалатын.

Осы кезде Серіктің еңбеккештігі мен қызметке адалдығын солармен салыстырған бас директор Ким оны өзінің орынбасары қылып тағайындады. Себебі, ол Серікті мекемеге келген күннен бастап біледі. Бас механик қылып ұсынған да өзі болатын. Аткарған жұмыстары ойынан шығады. Мұндай тағайындауды бас директор ешкімнің келісімінсіз-ақ жасай алатын. Өйткені, бұл лауазым бас инженерден жоғары емес.

1983 жылы әлгі бас инженер қызметінен өзі арыз жазып кетіп қалды. Осы жылы бір жыл бұрын үміткерлікке тіркелген Серік коммунистік партия қатарына өткен. Сол кезде бас директор Ким бас инженерлік қызметке Дүйсенбаев лайықты деп облыстық атқару комитетіне ұсыныс жасады. Кимге де жұмысқа тұрақты, жауапты маман қажет еді.

Ұзамай Серікті облыстық атқару комите-

тінің төрағасы Абылай Айдовос шақыртты. «Нан өнімдері бірлестігінің бас инженері болуды саған тапсырғалы отырмыз», – деді ол кісі. Директордың орынбасарлығы да бір басқа жететін қиын былайғы жұрттың жиырма жылда жететін белесіне бір-ақ шықты. Осы комбинатқа ең алғашқы келген күні «слесарь болмаймын» дегені бар еді, содан кейін «мен болайын» демеді, «боласың» деді.

Нанның иісі

1985 жылы Қызылорда облыстық компартиясының бірінші хатшысы болып Еркін Нұржанұлы Әуелбеков тағайындалды.

Әуелбеков облысқа келген соң Ким күрт өзгерді. Анығын айтқанда, Әуелбековтің екі-пінінен тайсалды, бас ауруын күшейткісі келмеді. Сөйтіп, бас инженер Серік Дүйсенбаев бастықтың міндетін атқарушы болып қалды.

«Қайта құру» деген термин алғаш рет 1986 жылы мамыр айындағы М.Горбачевтың Ленинград қалалық партия комитеті активімен кездескенде айтылған екен. Осы термин ақпарат құралдарының белсенді пайдалануының арқасында жаңа дәуірдің ұраны болып кетті.

Сол қайта құрудың себебімен Астық дайындау министрлігі мен Тамақ өнеркәсібі министрлігі біріктіріліп, Астық өнімдері министрлігі болып құрылды.

Облыста да өзгерістер орын алды. Астық өнімдері басқармасы құрылды. Бұл басқармаға бастық болып Кеңестер Одағының батыры, соғыс ардагері Жәлел Қизатов тағайындалды. Нан өнімдері бірлестігі осы басқарма төңіріміне қаратылды.

Өрине, бұрынғыдай өз дербестігі жоқ комбинаттың біраз жағдайда қағажу қалатыны түсінікті. Нақты айтқанда, енді негізгі назар басқармаға аударылады да, нан комбинаты екініші орынға жылжиды. Ал, бұл – күндіз-түні жұмыс істеп тұрған комбинат.

Қизатов зейнет жасына байланысты жаңа қызметінде көп отырмады, бұл орынға облыстық партия комитетінен Файзулла Қарақожаев келді. Бірақ, ол кісі де нан комбинаты бастығының орнында міндетін атқарушы отырғандығына аса мән бермеді. Ол кезде Серіктің үйі қаланың Мальков көшесінде, Қарақожаевтың үйі де осы маңға жақын. Екеуі ертелі-кеш кездесіп қалады, алайда, бас ізеп өте шығады. Міндетін атқарушы деген қызметтің жайы сондай болады, екі кеменің құйрығын ұстағанмен бір. Комбинатқа жаңа бастық келеді екен деген алыпқашпа сөздер де жүйкеге тиелді. Ұзынқұлақ «мынау» деп нақты біреуді атамайды. Расында бастық болуға лайықты азаматтар көп. Бастысы, бір тірегі болу керек. Өз еңбегіне сүйеніп келе жатқан Серіктің бұл жағынан алғанда үміті аз. Серіктің тірегі – оның ақ жүрегі мен адал еңбегі болды.

Бір күні министрлік өкілдері хабарласып, Қызылордадағы нан комбинатына өзінің бастық болатынын айтты. Олар бұл хабарды облыстық партия комитетінің 2-хатшысы Евгений Михайлович Золоторевке телефон шалып айтты та қойыпты.

Осы сөз жеткен соң бірінші хатшы Әуелбеков дереу Дүйсенбаевтың деректерін алып қарапты. Облыстағы үлкен мекемеде механик болып жұмыс бастап, бастықтың орнына дейін көтерілген маманның қызмет жолы қанағаттандырды. Келесі күні Дүйсенбаевты өзіне шақыртты. Ал оның аты қайта құруға байланысты қатаң тәртібімен дүрілдеп тұрған бірінші хатшының алдына үміттен гөрі күдікпен кіргені рас. Әуелбеков қызмет бабында жақсы мінзедемесі бар адамдарға оң қабақпен қарайтын. «Өте ауыр ұқаске, тоулық бойы тынбай жұмыс жасауың керек», – деп

сосын Әуелбеков оған сенім білдіре сөйледі.

Осылайша, 1986 жылдың 20 қаңтарында Серік Дүйсенбаев нан комбинатының директоры болып отырды.

Комбинатта азанғы сағат 8-де, түстен кейін 4-те және түнгі сағат 12-де ауысым болады. Ауысым кезінде жұмысшылар қолына бір-екі бөлке нан ала шығады. Ашықтан ашық ала алмайды, қойын-қонышына тығады. Тексерушілер көп, ОБХСС деген құрылым бар. Олар – ет комбинаты, нан комбинаты, күріш комбинаты сияқты азық-түлік шығаратын орындарды көбірек жағалайды.

Дүйсенбаев ертелеп жұмысқа келгенде ұрлыққа қарсы күрес бөлімінің өкілдері жұмысшыларды шығабірістен ұстап, қағаз толтырып отырады. Директордан ұрлық жасағандарды «жазалауды» талап етеді. Солай делік, бірақ, одан ұрлық тоқтай ма, оның үстіне жазаланған кісі өзінің еңбек етіп жүрген жұмыс орнын жек көретін болады. Оның игілігін жасауға атсалыспайды, күнім өтсінмен жүреді. Бұған қоса Дүйсенбаев оны ұрықтан гөрі, жұмысшылардың жан бағысы үшін істейтін әрекеті деп бағалайды. Өйткені, нанның ортасында, соның ыстық табына қуырылып жүрген жан үйіне қалай құрқол қайта алады? Өзі қолымен пісіріп жатқан нанды басқа бір дүкеннен сатып алуы да әділетсіздік сияқты.

Міне, осының бәрін ойлап, жұмысшыға ыңғайлы жағдай тудыру үшін жаңа директор комбинаттың өз есебіне қарайтын «Ыстық нан» деп аталатын дүкен ашты. Ауысымнан шыққан жұмысшылар сол дүкеннен керектіңше нан ала алады. Нан бағасы – 24 тиын, сонда бір жұмысшы әр күні екі бөлке нан алды десек, бір айда шамамен 14-15 сом ақшасын нанға жұмсайды да, ол ақша жалақыдан ұсталады. Дүкеннің екі есігі болды, бірі комбинаттың ауласынан ашылған, екіншісі көшеге қарайды, сондықтан одан сол жердің тұрғындары да нан сатып ала береді.

Директордың бұл идеясы барша жұртқа ұнады, ұрлық та жоқ, жұмысшы да тоқ. Тексерушілер де азайды, қолына нан ұстап бара жатқандардың жүзі жарқын. «Ыстық нан» дүкені салынғаннан кейін комбинаттың ауласынан да нан иісі бұрқырап тұратын болды.

«Ел ырысындағы» еңбек

Серік Дүйсенбаев 1996 жылы «Ел ырысы» деп аталатын мекемеге бастық болды. Бұл мекеме салықты затпен қайтару әдісі арқылы жұмыс істеді.

Салықтан құтылып, өз мекемелерінің дербестігін сақтағысы келген басшылар «Ел ырысы» қоймасына заттарын – техникаларын, құрал-жабдықтарын, басқа да пұлданатын дүниелерін өткізе бастады.

Осылайша, мұғалімдер мен дәрігерлер бюджетке түскен ақша есебінен айлық алды, қарапайым жұртшылық зейнетақы мен балалардың жәрдемақыларына қол жеткізді. Халық қондана бастады. «Ел ырысының» аты алысқа кеткені сонша, бір күні сонау Балтық бойындағы Латвиядан кәсіпкерлер телефон шалды. Олар киім-кешекті ақша қылып беруді сұрады. Директор Серік олармен ақша емес, құрпшен есептесейін деп келісімге келді. Сөйтіп, қала дүкендерінде киілген, бірақ сапасы жаңа өндірілгендей киім-кешектер пайда болды.

Осы жылдары Қызылорда облысына келген ең бірінші инвестор канадалық «Харрикейн-Күмкөлмұнай» компаниясы болатын. Компания облыс шаруашылықтарын жанар-жағармаймен қамтамасыз етіп, өз өнімінің құнын күздегі күріш түсімі есебінен алатын. Облыс әкімі Б.Сапарбаев осы істі атқаруды Серік Дүйсенбаевқа тапсырды. Оның іскерлігіне, адалдығына сенім артты.

Осы кезде «Ел ырысының» екінші тынысы ашылғандай болды. Мұнай компаниясымен тікелей жұмыс істеу сауда-саттық айналымын кеңейтті. Олардың бас кеңесісі Алматыда екен, сол кісілермен облыс әкімі арқылы жаңа келісімге отырған «Ел ырысы» барлық аудандарға хат жазып, күзгі күріш өнімі есебінен жанар-жағармай алуларын сұрады. Мұндай ұсынысқа кез келген шаруашылық қуана келетті. Сол кезде күріш те арзан, бір кіләсы – 20-25 теңге. Осы ақшаға қазір бір қорап оттық сатып аласың. Не деген өзгеріс!

Аттан түспеген азамат

«Ел ырысынан» соң Дүйсенбаев «Қызылорда ауданаралық жылу орталығы» АҚ президенті, 2005-2006 жылдарда «Арзан базар» коммуналдық базарының директоры, 2007-2008 жылдары Қызылорда қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің бастығы, 2008-2013 жылдары Қосшынырау ауылдық округінің әкімі, 2013-2018 жылдары «Қалалық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бастышы болып қызмет етті.

2018 жылдың тамыз айында мемлекет және қоғам қайраткері, тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында Қызылорда облысының әкімі болып қызмет еткен, зейнет жасынан соң облыстық ардагерлер кеңесін басқарған Сейітбек Шаухаманов дүниеден өтті.

Облыстық ардагерлер кеңесі қоғамдық ұйым болғанымен, атқарушы билікпен тығыз жұмыс жүргізеді. Өйткені, жергілікті билік ардагерлерден ақыл сұрайды, олардың көпжылдық тәжірибесін пайдаланады. Кейбір мәселеде халық алдына шығып, дуалы ауыз сөз айту – ел ағасының емес, ел данасының міндеті. Мұны мысалдап түсіндірсек, әр Абылайдың қасына бір Бұхар керек.

Сол кездегі облыс әкімі, руханиятшыл, халықшыл тұлға Қырымбек Көшербаев осындай ойлар тоғысында ақылмен, сосын айналасымен кеңесті. Сол ниет нәтижесінде Серік Дүйсенбаевқа тоқтады.

Осылайша, Серік Әбішұлының бүгінге дейін абыройлы атқарып келе жатқан ардагерлер кеңесіндегі жұмысы басталады.

**Дүйсенбек АЯШУЛЫ,
«Сыр бойы»**

/// Жаңа жоба

«ЖЫЛ ТАҢДАУЫ – 2025»

«Qyzylorda» телеарнасы алғаш рет жылжабар жоба жасады. Бұл жоба жаңа жыл қарсаңында өткізілгендіктен онда шоу да, әзіл де орын алды. Сонымен қатар еңбек адамдарының жұмысына көрсетілген үлкен құрметтің белгісі деуге болады.

«Өнер орталығына» жиналған халық 15 номинация бойынша шорт-листке ілінген таңдаулыларға қошемет көрсетті. Дауыс беру арқылы үздік шыққандардың қуанышты сәтіне куә болды. – Ең бастысы, бұл жобаның түпкі мәнінде жанымызда жүрген еңбек адамдарына құрмет білдіру деген терең ой жатыр. Тәуелсіздік болмаса, бұндай той қайда? Сондықтан еліміздің ең Ұлық мерекесіне тарту деп қабылдасаныздар да қош көңілдеміз, – деп пікір білдірді «Qyzylorda» телеарнасының директоры Нұрбек Әмиша әлеуметтік паракшасында.

Шорт-листке енген 60 үздік ішінен жұртшылық 15 қатысушыны дауыс беру арқылы таңдады. Шара аясында «Ең үздік мұғалім», «Ең үздік өнерпаз», «Ең үз-



дік дәрігер», «Ең үздік журналист», «Ең үздік үкіметтік емес ұйым», «Жыл құтқарушысы», «Жыл волонтері» секілді номинация атаулары бар. Жеңімпаздарға телеарнаның атынан арнайы жүлделер берілді.

Кеш соңында Сыр елінің

өнерпаздары мен «МузАрт» тобының әншісі Кенжебек Жанәбілов әннен шашу шашты. Көпшілік жаңа жобаның келер жылы да жалғасын табуына тілектестік білдірді.

«СБ» ақпарат



**ЖҰМЫСШЫ
МАМАНДЫҚТАР
ЖЫЛЫ**

ЕҢБЕКПЕН ЕР АТАНҒАҢДАР

Мемлект бастышы «Жұмысшы мамандығының мәртебесін көтеру – қоғамда еңбек адамның қадірін арттыру, оның кәсібі біліктілігін шыңдау, жұмысшы қарым-қабілетін жан-жақты бағалау арқылы жүзеге асатын сан салалы үдеріс» деп атап өтіп, 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп жариялағаны белгілі.



Атаулы жыл аясында жер-жерде тағылымды шаралар өткізілуде. Осындай шараның бірін Сырдария ауданы Жетікөл ауылдық клубы ұйымдастырды. «Адал адам» мәдени-тәрбие орталығы тұжырымдамасының «Сұхбат-ТІМЕ» жобасы аясында «Еңбекпен ер атанғандар» атты кездесу кеші өтті. Оған осы ауылдың өсіп-өркендеуі үшін аянбай тер төккен жандар – сауыншы, сушы, аспаз болып жұмыс істеген ауылдың ақ жаулықты аналары қатысты.

Жастайынан еңбекпен шыңдалып, бүгінде бейнеттің зейінін көріп отырған қариялар Орынқұл Қозбағарова, Қамаш Жақсығұл-

ова, Құлшаһар Оржанова, Сәрсенқұл Байбосынова, Құлпатша Мырзабекова сахна төріне шықты. Алдымен көрерменге табысты да үлгілі еңбек еткен ауыл тұрғындары туралы бейнеролик көрсетілді. Кешті белгілі жыршы Алматы Өтеуов жүргізіп, ардагер аналарға түрлі сауалдар қойды. Кеш қонақтары өткен күндерді еске алып, өмір жолдарынан сыр шертті. Мемлекет игілігі үшін тынымсыз тер төккен еңбек адамдары жайлы, олардың бойындағы асыл қасиеттер туралы айтылды. Отбасындағы тәрбие, ма-

мандық таңдау жайы да шет қалмады. Иә, еңбек адамының бойындағы адалдық, төзімділік, үлкенге ізет, кішіге құрмет көрсету секілді кісілік қасиеттер, жалпы олардың өмір жолы – бүгінгі өскелең ұрпаққа үлгі-өнеге.

Шарала ауыл өнерпаздары тақырыпқа сай әсем әндер орындады. Сонында кешке қатысқан ардагер аналарға ауыл әкімінің Алғыс хатымен бірге сыйлық табысталды.

«СБ» ақпарат

ЖОБА

«Қызылорда облысындағы елді мекендердің жасыл екпелерін жасау, күтіп-баптау және қорғаудың қағидаларын бекіту туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2023 жылғы 11 тамыздағы № 38 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Қызылорда облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. «Қызылорда облысындағы елді мекендердің жасыл екпелерін жасау, күтіп-баптау және қорғаудың қағидаларын бекіту туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2023 жылғы 11 тамыздағы № 38 шешіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімнің 4-тармақ келесі редакцияда жазылсын:

«4-тармақ. Барлық санаттар мен түрлердегі көгалдандырылған аумақтар елді мекен шекараларындағы көгалдандыру жүйесін құрайды, елді мекеннің жасыл қорына кіреді және мемлекеттік орман қоры учаскелерінде және республикалық және жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда, жеке тұрғын үй мен жеке қосалқы шаруашылық аумақтарында, саяжай учаскелерінде өсетін жасыл екпелерді қоспағанда, рекреациялық, орта құрайтын және санитариялық-қорғаныш функцияларын орындайды.»;

39-тармақ келесі редакцияда жазылсын: «39. Ағаштарды кесуді рұқсат беру рәсімдеріне сәйкес уәкілетті органның рұқсаты бойынша осы жер учаскесіне қызмет көрсететін ұйымдар жүргізіледі.»;

58-тармақ келесі редакцияда жазылсын: «58. Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2006 жылғы 31 қазандағы №1034 қаулысымен бекітілген Өсімдіктер мен жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлерінің тізбесіне енгізілген жасыл екпелер заңсыз жойылған (кесілген) не олардың құрып кетуіне алып келген бүлінген жағдайда – бір жүз еселенген мөлшерде жүзеге асырылады.»;

59-тармақ келесі редакцияда жазылсын:

«59. Қазақстан Республикасының өсімдіктер дүниесіне келтірілген залалдың мөлшерін Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрінің міндетін атқарушының 2023 жылғы 23 ақпандағы №61 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының өсімдіктер дүниесін қузету, қорғау, қалпына келтіру және пайдалану саласындағы заңнамасын бұзудан келтірілген зиянның мөлшерлерін есептеуге арналған базалық ставкаларға (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізлімінде №31997 болып тіркелген) сәйкес уәкілетті орган ведомствосының тиісті аумақтық бөлімшелері есептейді.»;

2 – қосымша жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Лауазымы

Аты-жөні

«Анаға тағзым» орталығында ұлттық нақышты заманауи стильмен үйлестірген «Анаға тағзым collection» рухани-мәдени сән көрсетілімі өтті. Онда отандық сән индустриясының дамуына өз үлесін қосып, заманауи ұлттық киімдерді жаңа деңгейге көтеруде шығармашылықпен еңбек етіп жүрген жергілікті кәсіп иелерінің тың туындылары насихатталды.

Ұлттық мәдениеттің заманауи үйлесімі

Айталық, Айман Әбді, Жазира Рамзан, Дана Марлен, Акерке Ахантаева, Айт-зат Мырзаева, Әсел Елешова, Әлия Айт-мұратқызы сынды дизайнер-тігіншілердің авторлық топтамалары көпшілік назарына ұсынылды. Сәнді киім үлгілерінің ішінде жас ерекшелігі, жасалу техникасы, матасы мен түр-түсіне қарай 30 үлгіден құралған 9 коллекция көрерменнің жоғары бағасына ие болды.

«Анаға тағзым» орталығы басшысы Алтынай Молжанованың айтуынша, рухани-мәдени көрсетілімнің басты жанылығы – орталықтың авторлық әрі эксклюзивті «Анаға тағзым collection» топтамасы. Этно-рухты бүгінгі нәзік минимализммен тоғыстырған киімдер үлгісі 7 образдан тұрады. Сонымен бірге, «Анаға тағзым» орталығының төл бренді «Өмір иірімдері» тұмарының 3D нұсқасы – топтаманың символдық өзегі. Негізінен, 3 түске басымдық берілген коллекция брезент, зығыр, купра және кенеп маталарының ерекше үйлесімі нәтижесінде дайындалған.

Бұдан бөлек, көрсетілімде «Анаға тағзым» орталығы ұсынған «Үкілі үміт» креативті кәдесыйының та-ныстырылымы болды. Автордың баяндауынша, табиғи зығыр ре-нкті, қалың кендір жіптен макраме техникасымен тоқылған туын-дыдағы әрбір өрім отбасының өзара сенімін, татулық-береке-сін мензейді.

Рухани-мәдени сән көрсетілі-міне өз жобасын ұсынған диза-йнер Акерке Ахантаеваның топта-масы «Мұра сызығы» – ұлттық мәдениеттің заманауи үлгімен түйіс-кен тұсы.

— Біз ұлттық эстетиканы жаңа көзқарас-пен ұсынуды ойладық. Мысалы, күрделі ою емес, сызықпен берілген философия. Осы ретте нәзік штрихтар, минималист форма, кеңсеге де, ресми кездесулерге де жара-сатын үйлесімді киім үлгілерін әзірледік. Бір сөзбен айтқанда, «Мұра сызығы» топтамасының мағынасы: дәстүрді мой-ындау, қарапайымдылықты бағалау, стиль арқылы өз түбірінді сезіну. Әр киім ар-найы тігіліп, өрнектері қолдан салынған және әр түйме, сырға, сақина, брошккалар да қолдан киімге сай үйлесіммен, балшық пен смолдан жасалған.

Осындай бірегей туындымызды халық алдында көрсетуге мүмкіндік берген «Ана-ға тағзым» орталығына алғысымыз шексіз. Өте ерекше әсерде болдық. Бізге керемет серпін мен шабыт сыйлады.

Іс-шараның қорытынды сәтінде сөз сөйлеген облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшы-сы Ж.Сейітов аймақта креативті индустрияны дамыту бағытында атқарылып жатқан жұмыстарды атап өтіп, авторлық топтамаларын көпшілік назарына ұсынған дизайнер-тігіншілерге алғыс хаттар табы-стады.

Ғазиза ӘБІЛД, «Сыр бойы»



/// ТАҒЫМ

ПАРАСАТПЕН ТОЛЫСҚАН, АДАЛДЫҚҚА БОЛЫСҚАН

Әкеміз туралы есті естелікті не бастай алмай, не тастай алмай жүргенімізде дидарғайып дүниенің бір мизамы толыпты. Өттең бір қапы дүние-ай... Бұл дүние бұрынырақта, әкеміздің көзі тірісінде айтылуы керек еді. Бір жыл бұрын жүрегімізге шөмен болып қатқан шерлі оқиға орын алды. Өзектегі өкінішті басудың ендігі жолы – әкеміздің мына өмірдегі өнегелі істерін, жүріп өткен жолын еске алу болса керек-ті.

Қамыстыбас ауылы... Күм суырған жазық дала... Ызғырық жел бабын таптырмай, қырық құбылып тұр... Заманында Қам-баш көлінің тулаған толқындары осы ауылдың іргесін сабап жатқан деседі.

Әкеміз Тағыберген алты құлаш ауды, төрт құлаш таяу-ды, қабырғаға сүйеулі тұратын сүйемді жақсы біледі. Өйткені, ол – балықшы ауылдың баласы еді. Елу төртінші жылдың сәуір сәуірінде дүние дидарын ашқан екен.

Ол нағыз қазақтың қайнаған ортасынан шығып, құтты орда-сынан қуат алған. Содан болар, бәрі манайына үйір болыпты. Гитара тартып, домбыраның құлағында ойнайтынын, алкалы топта аталы һәм баталы сөз айта-тын қасиеттерін қараша жүрт әлі күнге сүйсіне еске алады. Бозба-ла мен бойжеткен бас қосқанда, әкемізді қыстап, шарайы бөлек Шәмшінің әндерін шырақтаты екен. «Даласы шөлді болса да, баласы өнерлі» деп, әкеміздің көзін көргендер әлі күнге жадында жанғыртып отырады.

Парасатпен толысқан, адал-дыққа болысқан, көргені мол әкеміз поэзияға да құмар еді. Абадан ақындрдың, алдаспаны айға шағылысқан бағырлардың жырын жатқа оқитын, көркем-сөз шеберлерінің көрікті ойла-рын зердесіне тоқитын. Міне, Тағыберген әкеміздің табанының ізі қалған күм қойнауы осылай деп сыр шертеді.

Тағыберген Күртебайұлы – еңбек майданына төрден келіп түскен жок. Шыбықтай шағы-най-ақ тіршіліктің тауқыметін бастан өткізіп еңбек етті. Ал салалық сатысын Қазалы қа-ласының әкімдігінде іс-қағаз-дарды жүргізуші жауапты маман ретінде бастады. Ауданның бір-қатар өндірістік мекемелеріне, тағам өндіру зауыттарына бас-шылық жасады. Талайларды таң-ғалдырған, аудан абыройын жан-

дандырған «Қазалы кәмпитіні» идеясын іске асыруға мұрындық болды. Май өндіретін зауыт-та менгеруші болған уағында да арын алдырмады, аяғын шалдырмады. Содан болса ке-рек, жас маманның өресін көріп, өрісін таныған басшылар оны Шымкент шаһарына шақыртып, жауапты жұмыстың жүгін артты.

Токсаныншы жылдардың толғақты тұсында да тыңнан түрен салды. Қазақ баласы бой үйрете қоймаған бизнес са-ласына бет бұрып, жаңа бас-тамаларға байлам жасады. «Мөлдір», «Нұр-Сәулет» атты өндірістік кәсіпорындар құрды. Осылайша токсаныншы жыл-дардағы тоқырауда бірқатар аза-маттарға еңбек көзін тапты.

Кейіннен бағын басқа сала-да сынап көруді жөн санады. Қызылорда қалалық статистика департаментінде жұмыс жасап, абыройлы еңбек етті.

Әкеміз жоқ уақытты бар етіп, руханият ордаларына бар-ғанды жаны қалайтын еді. Әде-биетті, мәдениетті, газет-жур-нал оқығанды жанындай жақсы көрді. Сөзді құбылып, ойды ой-ната білетін. «Қара су ішсең де, адалынан іш. Кісі ақысын жеме, ақ сөйлеп, нық жүр. Қолдан кел-се, көркем мінезді бол», «Қаратау бірде қарлы, бірде қарсыз. Ер жігіт бірде малды, бірде мал-сыз», «Ауызбірліктерің болсын! Қай кезде де бірліктің шамын жағып жүріңдер» деп, төңірегіне түйіскендерді тату тірлікке, бере-келі бірлікке баулып отыратын. Жан тазалығын жоғары қоятын. Бұқарадан бұра тартпай, бүтін-дігін сақтауды бек көретін.

Толғауы тоқсан тіршілікте Тағыберген әкеміз марапатқа мастанып, парасаттан алыстау-дан аулақ еді. Адамдық дейтін асыл қасиеттен атаған кезі жоқ. Қызметтің буымен қыр көрсетіп, жұрт көңілін жығу-ды қаламайтын. Одан соң «ша-нырақ» дейтін шағын отандағы шаттық. Сол шаттық шырайын

жаққан жан жарымен бірге 4 қыз, 3 ұл өсіріп, тәрбиеледі.

Қазақ «Балам – барым, не-мерем – жаным» дейді. Әкеміз 19 немере сүйді. Бәрінің де қаз-қаз басқан қадамдарына куә болды. Берік қамал, берен сауыт иесі балажан болатын. «Қызға бергенінді Қызыр өтейді» де-мекші, әсіресе, кестетігер көрік-тілерін, өпкелерімізді ерекше жақсы көретін. Содан болар, құдіреті күшті Алла Тағала Та-ғыберген әкеміздің тағдыр талай-ына төрт қыз нәсіп етті.

Әкеміздің шаңырағынан қо-нақарылған емес. Болки, көңілді кенділ болса керек. Анамның дастарқаны қай кезде де жаулы. Қазаны оттан түскен емес. Елге сыйлы азаматтардың біразы осы шаңырақтан дәм таып, алғаусыз алғысын айтып кететін. Қара-кесек ағайындардың да басын қосып, қамқор пейілін әрдайым ұсынып отыратын.

Әкеміздің азаматтығы да бір төбе еді. Бала кезден бірге өскен қатарларымен, тағдыр қосқан до-старына дейін шапатын көрді. Ағайынға құшақты айқара ашып, түйспен тебіренесіп, жолдасы-на жақсылығын жасап, көрші-көлемнің де көңіл сарайынан орын алды. Ағалығымен ауыны қатар жүрді. Адамдықтың ауаны-мен тыныстап, аға деген атқа еш кір келтірмегенін көзкөргендер айтып жүргені есімінен кетер емес.

Өмір жолы әрдайым даңғыл бола бермейді. Содан кейін де жүріп өткен жолына бір сәт көңіл көзімен қайта оралып, сан мәрте ой елегінен өткізуге тура келіп жатады. Сондай сәттерде өмірдің кейбір аяулы кезеңдері көз алдынан кинолендай тізбектеліп өтетіні бар.

Біз де бүгін әкеміздің әзиз ғұмырын көз алдымыздан бір өткізгіміз келді...

Абай ТАҒЫБЕРГЕН, журналист

Жарнама бергіңіз келсе, 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады. E-mail: sm-jarnama@yandex.kz

Хабарландыру

«ПетроКазакстан Құмкөл Ресурсиз» АҚ «Арысқұм кен орнын игеру жобасының толықтырма» жобалық құжатының «Қоршаған ортаға әсерін бағалау жобасы» бойынша қоғамдық тыңдау өткізілетіндігі туралы хабарлайды.

Тыңдау: 28.01.2026 жыл сағат 10:30-да Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы, Жалағаш кенті, Әйтеке би көшесі, №12 мекен-жайында өтеді.

Төтенше жағдай және (немесе) шектеу іс-шаралары енгізілген жағдайда, қоғамдық тыңдаулар онлайн режимде енгізіледі.

Конференция идентификаторы: 894 5105 0401

Кіру коды: 12345

Бастамашы: «ПетроКазакстан Құмкөл Ресурсиз» АҚ, БСН 940540000210.

Өкілі: Адранов Азамат Алматович.

Байланыстар: тел.: 8 (7242) 27-68-68 ішкі нөмері: 98-91, Электрондық пошта / e-mail: Azamat.Adranov@petrokazakhstan.com.

Жобаны әзірлеуші: «Timal Consulting Group» ЖШС, БСН 080440002381

Өкілі: Төлеуишова Гульнар Сабитовна

Байланыстар: тел.: 8-771-080-46-59, Электрондық пошта / e-mail: Toleuishova.G@timal.kz

Порталға сілтеме: <https://hearings.ndbecology.gov.kz/Public/PubHearings>

Жоба құжаттары бойынша қосымша ақпаратты келесі электронды пошта және номер арқылы алуға болады: 8 (7242) 27-68-68 ішкі нөмері: 98-91, Электрондық пошта: Azamat.Adranov@petrokazakhstan.com.

Ескертулер мен ұсыныстар Порталда немесе Табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасына тыңдаулар басталғанға дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмей қабылданады.

Жергілікті атқарушы органның электрондық мекен-жайы мен пошталық мекен-жайы: Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы: <https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylorda-tabiga/?lang=kk>. Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, №1, байланыс телефон: 8(7242) 60-53-69

Хабарландыру

«ПетроКазакстан Құмкөл Ресурсиз» АҚ «Қызылқия кен орнын игеру жобасының толықтырма» жобалық құжатының «Қоршаған ортаға әсерін бағалау жобасы» бойынша қоғамдық тыңдау өткізілетіндігі туралы хабарлайды.

Тыңдау: 27.01.2026 жыл сағат 11:30-да Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы, Жосалы кенті, Т. Рыскулов көшесі, №2 «а» мекен-жайында өтеді.

Төтенше жағдай және (немесе) шектеу іс-шаралары енгізілген жағдайда, қоғамдық тыңдаулар онлайн режимде енгізіледі.

Конференция идентификаторы: 825 8553 6063

Кіру коды: 12345

Бастамашы: «ПетроКазакстан Құмкөл Ресурсиз» АҚ, БСН 940540000210.

Өкілі: Адранов Азамат Алматович.

Байланыстар: тел.: 8 (7242) 27-68-68 ішкі нөмері: 98-91, Электрондық пошта / e-mail: Azamat.Adranov@petrokazakhstan.com.

Жобаны әзірлеуші: «Timal Consulting Group» ЖШС, БСН 080440002381

Өкілі: Төлеуишова Гульнар Сабитовна

Байланыстар: тел.: 8-771-080-46-59, Электрондық пошта / e-mail: Toleuishova.G@timal.kz

Порталға сілтеме: <https://hearings.ndbecology.gov.kz/Public/PubHearings>

Жоба құжаттары бойынша қосымша ақпаратты келесі электронды пошта және номер арқылы алуға болады: 8 (7242) 27-68-68 ішкі нөмері: 98-91, Электрондық пошта: Azamat.Adranov@petrokazakhstan.com.

Ескертулер мен ұсыныстар Порталда немесе Табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасына тыңдаулар басталғанға дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмей қабылданады.

Жергілікті атқарушы органның электрондық мекенжайы мен пошталық мекенжайы: Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы: <https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylorda-tabiga/?lang=kk>. Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, №1, байланыс телефон: 8(7242) 60-53-69

Хабарландыру

Қызылорда мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 05 желтоқсан 2025 жылғы ұйғарымымен «Ордастрой-Индустрия» ЖШС-не (БСН 150 640 011 849) оңалту рәсімі қозғалды. Кредиторлардың талап-тілектері мына мекен-жайда қабылданады: Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, С.Мұқанов көшесі 110 үй.

Хабарландыру

«Мәди Қажы атындағы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі қатысушыларына 2026 жылдың 19 қаңтарында сағат 10:00-де Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Шіркейлі ауылы, Ж. Құттыбаев көшесі, №4 мекен-жайында орналасқан Қ. Мұхамеджанов атындағы Мәдениет үйінде жалпы жиналыс өтетінін хабарлайды.

Күн тәртібінде: «ҚазАгроҚаржы» АҚ-на қаржылық лизинг шарттары бойынша қайта құрылымдар (реструктуризация) алу үшін.

«Мәди Қажы атындағы» ЖШС әкімшілігі (БСН 040440019227)

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және аудандық басылымдарға хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады. E-mail: smjarnama@mail.ru

www.facebook.com/syrboyi.kz/

Меншік иесі
СЫР БОЙЫ МЕДИА

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
МАРАТ АРАЛБАЕВ

қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
ҚУАТ ШАРАБИДИНОВ

қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:

руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)

экономика – 40-11-10 (1038, 1033)

әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)

жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)

есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38

компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10

(1036, 1035)

https://twitter.com/syrboyi

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015)

«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсы-рыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымыр газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.

«АҚ» - ақылы қызмет.

Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

www.instagram.com/syrboyi_kz

Газет аптаның сейсенбі, бейсенбі, сенбі (сенбілік екі нөмір) күндері шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.